

**2022-2023 оқу жылындағы №37 орта мектебінің  
педагог-ассистенттің  
жылдық жүргізген жұмыстарының есебі**

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуші мамандардың бірі - педагог-ассистент.

Педагог-ассистент оқу процесіне өздігімен қатыса алмайтын мінез-құлық, эмоционалдық және коммуникативтік бұзылымдары бар (АСБ және т.б.) оқушыларға көмек көрсетеді. Қолдау көрсетуді талап ететін мінез-құлық және эмоциялық проблемаларға мыналар жатады:

- баланың сабакта өзін-өзі ұстая ережелерін орындауға қабілетсіздігі: партада отыра алмайтын, тұрып, сынып ішінде жүретін; мұғалімнің ескертулерін, талаптарын орындаі алмайтын (елемейді);
- мұғалімнің талаптары мен нұсқаулықтарын қын түсініп және қабылдайтын; белгілі бір іс-әрекетті орындау үшін мұғалімнің үнемі жекелік көмегін және қолдауын қажет ететін балалар;
- сабакта өзін-өзі үйымдастыру және өзін-өзі бақылау қыындықтары: баланың өзі сынып жұмысына қосылмайды және сынып тапсырмаларын ересек адамның көмегінсіз орындалмайды;
- мінез-құлық және эмоциялық ерекшеліктері: дауыстап сөйлейді, себепсіз күлкі, айқайлап, жылап, басқа балаларға және сынып жұмысына кедергі келтіреді, кей кезде агрессия көрсетеді.

Осы аталған проблемалар За класс оқушысы Байғабыл Рахаттың бойында болғандықтан, 2022-2023 оқу жылының басынан бастап мен ПМПК қортындысы бойынша За класс оқушысы Байғабыл Рахатқа педагог-ассистент болып тағайындалдым.

**Педагог-ассистенттің негізгі функциясы:** оқушыға оқу процесіне енуге көмектеседі, үйымдастырады, бағыттайты, жағымсыз мінез-құлықты, эмоциялық және мінез-құлқындағы теріс әрекеттерінің алдын алады. Ол баланың мінез-құлқын бақылай отырып, өз бетінше оқу дағдыларын меңгеруге үйретеді, әрі қарай баланың өзі жасайтын жұмыстарын дербес орындауға қолдау көрсетеді.

Оқу жылының басында мұғалімі екеуміз оның анасынан сауалнама алып және оқушы туралы коммуникативтік паспортты толтырғыш, оған диагностикалық 2а, 2б бақылау хаттамаларын толтырдық.

Барлық мамандардың тиісті құжаттары толтырылғаннан кейін түзетудамыту бағдарламасы құрылды.

## **Бағдарламаның негізгі бағыттары:**

- 1.Сыныпта, мектепте қолайлы мінез-құлық дагдыларын қалыптастыру;
- 2.Қарым-қатынас дагдыларын қалыптастыру;
- 3.Оқу-танымдық іс-әрекеттің компоненттерін қалыптастыру;
- 4.Сабактағы оқу ортасын, жұмыс орнын бейімдеу;

## **2022-2023 оқу жылының басындағы педагог-ассистенттік тұжырымдамам бойынша:**

Рахат мектептің 3-қабатында орналасқан сыныпқа өз еркімен шыға алмайды, сыныптастарының есімдерін білмеді. Сыныпқа кіргеннен кейін сөмкесін тастап, оқу құралдарын шығармайтын еді. Жеке жұмыс жасаған кезде мультфильм кейіпкері Миннионды айта беретін, соның суретін сала беретін еді, осыдан баланың телефонға тәуелді екенін көруге болатын еді. Рахаттың өзіне тән қоршаған органды қабылдауы басқаша болғандықтан, оның мінез-құлығында өз-өзін ынталандырулар (стимдер) болды. Сабакта 10-20 минуттан кейін тұрып кету, ұзақ уақыт бір орнында отыра алмау, әр түрлі дыбыстар шығарулар сияқты стимдері болды.

### **Логопед маманы ретіндегі тұжырымдамам бойынша:**

Рахаттың сөйлеу тілінде дыбыс айтуында бұзылыс жоқ, сөздің буындық құрылымы қыын сөздерде ғана өзгереді, сөздерді буынға бөле алмайды, белсенді сөйлемейді, сөздік нұсқауларды түсінеді, зат есімдерді атай алады, оларды бөлшектейді, топтайды, мамандық иелерін толық білмейді, сөздерге журнақ, жалғау жалғамайды, басқа адамдармен өздігімен сөйлеспейді, сұрақ қойғанда ғана қысқа фразалармен жауап береді, өзіне қажет кезде не керек екенін ғана айтып түсіндіре алады. Байланыстырып сөйлеуі дамымаған. Эріптер мен сандарды таниды, жазады, кітаптан сөздерді көшіргенде баспа түрінде көшіреді. Зейін көлемі аз, ойлауы орташа, есте сақтауы төмен деп жазылған.

**4-формада жалпы ұжымдық талқылауда окушының оқудағы қыындықтары:** зейін көлемінің аздығы оқу мен жазуына кедергі келтіреді, екі таңбалы сандарды өздігімен есептеуге қиналады, педагог-ассистенттің көмегімен жазады және есеп шығарады, тақтадан көшіруі нашар, оқып түсінігін айта алмайды. Жаттамақ, өлеңдерді тез жаттай алмайды.

**Баланың күшті жақтары мен қызығушылығы:** көріп есте сақтау қабілеті жақсы дамыған, ойлауы қалыпты. Пазыл, конструкторларды тез құрастырады, сурет салғанды ұнатады, ағылшын, физкультура сабактарын жақсы көреді, ритмикалық өлеңдер ұнайды, қымыл-қозғалысты жақсы көреді.

**Психологиялық, эмоционалдық мінезқұлқы:** эмоционалды мінезқұлқы тұрақсыз, көзге тұра қарамайды, сыныпта өз-өзімен жүргенді жақсы көреді, қатты дауыс көтергенді ұнатпайды, қатты шыққан дауысты, дыбысты ұнатпайды, бұндай балалардың копшілігінде сенсорлық ақпараттарды қабылдау және ондау проблемалары болғандықтан, әр-түрлі ынталандырулар жасайды, яғни оны стимдер немесе стереотиптер деп атайды. Себебі түрлі зерггеулер осындаі балалардың миының сенсорлық жүйелері басқа адамдардың миына қараганда сыртқы әлем сигналдарын басқаша қабылдап

және өндейді екен. Осы стимдер баланың зейін көлемін азайтып, жазу мен оқу дағдыларына кедергі келтіреді.

### **Екінші жартыжылдықта педагог-ассистенттік тұжырымдамам бойынша:**

Бала оқу жылының басында сөздерді буынға бөлуді, 10-нан көрі санауды, артық, кем белгілерін қоюды білмеді. Қазіргі кезде осы дағдыларды менгерді, бір сөйлем көлемінде оқи алады, баған бойынша азайту мен қосу сияқты есептер шығарады. Мұғалім нұсқаулығын сол күнгі көңіл-күйіне байланысты орындаиды, жазу жылдамдығы баяу, бір сөзді жазғаннан кейін тұрып кетеді. Зейін көлемі аз, көмекті жақсы қабылдайды. Оқу жылының басында сыныптастарының есімдерін білмеп еді, қазіргі кезде 3-4 баланың атын атайды. Сыныптастары оны толық қабылдап отыр, оған қай-қайсысы болса да көмек қолдарын созады. Цифрлық сауаттылық сабағында компьютерде сурет салғанды ұнатады деп жазылған. Анасымен телефонға қатысты түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қазірге кезде окушының телефонға тәуелділігі жойылды.

Ал қазіргі кезде **оқу жылының аяғында** Рахат мектептің 3-қабатындағы сыныбын өзі тауып барады, киім ілгішке киімін шешіп, сыныптағы өз партасын тауып, сөмкесін ашып, керекті оқу-құралдын өзі шығарып отыра алады. Мұғалім кіргенде сыныптастарымен бірге тұрып амандасады. Ұзілісте балалармен ішінара ойнайтын болып жүр. Дене шынықтыру сабағына киімін ауыстырып киіне алады. Төменгі қабаттағы денешынықтыру залына өз бетімен бара алады. Ол шағын мәтінді оқиды, онда да зейінінің шоғырлануына байланысты оқиды. Көбейту кестесін 4-ке дейін жаттады. Екі таңбалы сандарды бағанмен алыш, қосады және екі таңбалы санды 4-тің көбейту кестесіне дейінгі сандармен көбейте алады. Қарапайым тендеуді менің көмегіммен шығарады. 3-4 жолдан тұратын өлең, жаттамақтарды тез жаттайды. Бірақ окуы арқылы түсінігін айта алмайды. «Шалқан» ертегісін естіп-көрү арқылы жаттап алды, сол ертегіні айтқанды жақсы көреді. Әліппе оқулығынан «Ержан мен атасы» әңгімесін оқығанды жақсы көреді. Қазір балада нұсқаушы жест бар, мәтінді саусағының көмегімен оқытамын. Кей кезде үзілістерде, арасында балалармен ойнауды шығарып жүр.

Көктем, күз айларында баланың стимдері көбейіп кетеді. Ол баланың сабакта отыруына, окуы мен жазуына кедергі жасайды.

Рахаттың жалпы моторикасы мен ұсақ қол моторикасы жақсы дамыған, нейророжаттыгуларды бірден жаттап аллады. Автомобильдер маркаларын бір көріп есте сақтау қабілетімен жаттап алған.

Жагымсыз мінез-құлқы болса хаттама толтырамыз, еркін іс-әрекет хаттамасын күнделікті жазамын, үйінде анасы жазады.

**Жетістіктері:** Сыныптастарымен мәдени іс-шараларға қатысады. Рахат мектепшілік конкурстар мен шараларға қатысын тұрады. Жаңа жыл мейрамында шырша мерекесіне қатысып, өлең оқып, Аяз атадан сыйлық алды. Қалалық «Күз - алтын мезгілі сырттай сурет байқауынан шебер қаламдар номинациясынан үздік нағиже корсеткені үшін диплом алды.

Қалалық «Менің ішкі әлемім» атты сырттай фотобайқаудан «Менің жұмбак әлемім» атты номинациясынан жоғарғы нәтиже көрсеткені үшін дилом иегері атанды.

Жекелік қолдаудың негізгі және соңғы мақсаты - баланың сыйыптағы және мектептегі толықтай дербестігі болып табылады. Окушыға жеке қолдау көрсетуде асистенттің қатысуын бірте-бірте азайту болып табылады. Осылан байланысты мен Рахатты енді ғана арасында өзін алдыңғы партага отырғызып, өзім артында отырып, қадағалап жүрмін. Бірақ әлі толықтай өзі дербес отыратын жағдайға келген жоқ.

Болашақта Рахаттың жан-жақты дамуы алға қарай ілгерлейді деген сенімдемін.

Мектеп директоры:  А.С.Назиков

Мұғалім-логопед : Г.Ч.Сейтова